

Анти-қазақ саясат жалғасып жатыр

Бұдан отыз бірдеңе жыл бұрын, Назарбаев диктатурасы кезінде қалыптасқан және пәрменді жүзеге асқан, түптеп келгенде, қазаққа, оның ұлттық мүддесі мен болашағына қарама-қайшы анти-қазақ зұлмат саясат бүгінгі күнде сабақтас жалғастығын тауып, іс жүзінде нақты қолданысқа түсіп отыр.

Дәлел, айғағы сан сала, нешеме тарау. Айтып түгесе алмайсыз. Дегенмен, сол көп қитұрқының ішінде бірден көзге шалынып, андағайлап тұрған бір серек бар. Бұл – қандас, яғни төтесінен мән-мағнасыз атауға ауысқан оралман мәселесіне қатысты зымиян саясат.

Тарихи атамекен Қазақстан тәуелсіздік алып, ту көтерді деген, лақап емес, нақты хабар шығар-шықпаста, көпшілігі арғы бабаларының байырғы мекенінде отырған, бірақ әрқилы тарихи қолайсыз жағдайлар нәтижесінде жат жұрт теліміне түскен, тағы біразы қызыл отаршылдық, жаппай геноцид кезеңінде босқынға ұшырап, шет елдерге бытырай шашылған қазақ атаулы енді тәуелсіз ата-қонысқа қайтып оралуға ынталы болды.

Бұл жайсаң толқын күн озған сайын қуат алуға тиіс-ті. Ежелгі Ғұн заманынан Түрік қағанаты дәуіріне жалғасқан, бұдан соң Шыңғыс хан дәуірі, Алтын Ордаға ұласқан, ақыры Қазақ Ордасы аталған байырғы ұлыстың екі ғасырлық алағай, жүз елу жылдық отарлық кезеңнен соң қайыра бой көтеруі – ғажайып оқиға болатын. Соған орай етек-жеңін жинап, қайтадан іргеленуіне кешегі жыртқыш империя, ендігі обыр көршіден басқа кім қарсы болмақ?!

Тәуелсіз, жаңа Қазақстан – әлемдік қауымдастықтың бір бөлшегі, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі, туысқан Түркия мен исламдық Иран ғана емес, құдіретті Америка Құрама штаттары бастап, әлем жұртшылығы түгел мойындап отырған еркін ел. Жері байтақ, әлемде тоғызыншы орында. Тек халқының саны... зор тұлғасына сәйкеспейді: XX ғасырда жүйелі, жоспарлы түрде жүргізілген коммунистік-ұлыорыстық геноцид нәтижесінде қыруар қазаға ұшырап, өлшеусіз ортайған. Енді өткендегі бар олқының орны толуға керек. Оған мүмкіндік те мол. Есебі, тақау және қиыр елдерде шашылып жатқан бар Қазақ тәуелсіз ту түбіне жинақталуға тиіс.

Шынында да, шетелдік қазақтың бар тілегі ата жұртқа ауып тұр. Түгелімен түп көтеріле көшпес, алайда, сырттағы бес, біздің есебімізше төрт миллион қазақтың басым бөлігі, кемі екі, екі жарым миллион қазақ ата жұртына қайтып оралуға тиіс еді.

Ұлы көш ағайындас Моңғол ұлысынан басталды. Өзбекстан мен Қарақалпақстан толқып тұрды. Іргедегі Түркменстан өз алдына. Ең бастысы – тақау жылдарда қытай топанының астында қалуға мүмкін Шығыс Түркстан қазақтары болатын. Бұл бір жарым миллион қазақтың ұшарға қанаты жоқ.

Моңғолдағы отаншыл жұрт қиындықсыз қоныс аударды. Арғы мен бергі, жекелеген ұлтшыл, ғұзырлы азаматтар бұйдашы болған салқар көш ұйымдасқан түрде өткерілді. Құшақ жая қарсы алу, ерулік, той-томалақ. Өзбекстан мен бір кезде қазақ құрамында болған Қарақалпақ қазақтары түп көтерілуге бейім. Яғни, жарым дүниедегі барлық қазақ.

Міне, дәп осы жағдай – біздің егемен өкіметімізді айрықша қауіп-қатерге бөлеген. Мынау көш бұдан әрі жалғаса берсе... Қазақстан шегіндегі қазақ өлшеусіз көбейіп кетуі мүмкін ғой... Артық-кемі жоқ, дәп солай. Егер тәуелсіз республика шегіндегі қазақ еселеп көбейсе,.. Қазақстан біржола қазақтануға ықтимал. Бұл қалаусыз істің салмағы мен зардабы ең алдымен егемен өкіметіміздің өмірлік мақсатына өлшеусіз кесел келтіруі мүмкін. Тағы да дәп солай. Айна-қатесіз. Бұл сөздің мәнісі – Қазақстан аталатын елде қазақ көбейіп, бүгінгі қырық пайыздан асып, елу, бәлкім, алпысқа жетсе, ауыздықтап ұстап, айтқанға көндіріп, айдауға жүргізу – қиынға соғады. Осынау елдің жер үстіндегі және жер астындағы қисапсыз байлығын еркін тонап, байлыққа батуға, сыртқа арзанға сатып, мұндағы өкім, билігінді нығайта түсуге қарсылық тууы мүмкін. Ал қазіргідей азшылық, дәрменсіз жағдайда тыпыр ете алмайды, бағыныштан шығып бара жатса, орысың тұрыпты, дүңген мен ұйғырды, кәріс пен күрдті жауып жібересің. Бұл қатерлі сақтық шарасы анау бір заманда ашық айтылған. Доңайбат қана емес, шешімтал үкім.

Осындай сын кезеңде егемен өкіметім не қылса да, шеттен қаптаған қазақты тоқтата алмады. Бар істің тетігі қолында тұрған Назарбаев: тарихи отанға хош келдіңдер, келе беріңдер, келе беріңдер деп дабылдап отырып, ұлы көшке тежеу салу амалдарын ойластыра бастапты. Ең алдымен, облыстық, ең үлкен, өзіне тікелей тәуелді әкімдерге көш қамқорлығы туралы арнайы жарлық бермеді. Емеуріні жетіп жатқан, оп-оңай еді. Анығы – керісінше. Біз нақты айта алмаймыз, бәлкім, бәріне болмаса да біразына: тым беріліп кетпендер, мүмкіндігінше бөгей тұрындар деп құлаққағыс жасаған шығар. Дәп солай. Қайткенде іріктеп көтерген, өзіне нақпа-нақ тартқан облыс, аймақ басшылары, тиесілі ғұзырлы министрлік атаулы қазақ көшін тоқтату үшін неше түрлі қитұрқы, арам амалдар ойлап тапқан. Ең әуелі, әрқилы тұрмыстық қиындықтан бастады. Облыс басшыларының райын таныған, анығы – көбіне-көп тікелей нұсқау алған аудандық, ауылдық әкімдер оралман атаулыға келіп түскен жерлерінде ешқандай жағдай жасамады. Керісінше, бар жағынан қыспаққа түсірді. Сыйыр қораға, бұзылған ескі тамдарға қоныстандырды, түгел құжаты түзу болса да, тіркемей қойды. Қаншама сарылып, барлық өткелектен өткен соң, тиесілі қағаздарын әрең қабылдап, оралман куәлігін созбақтады, одан әрі азаматтық жөнін жылдан жылға өткерді. Және барлық жерде жойдасыз дөкірлік. Түгі сыртына шыға долығып: сені мен шақырғам жоқ, дер еді ауылдық, аудандық әкімдер, немесе қалалық әкімшілікте отырған бетпақ шенеунік.

Енді оралман атаулы бір кеңседен бір кеңсеге сабылып, қайда барса да қажетті, заңды қағаздарын өткізе алмай, әлдеқалай өткізе қалса, жауабын таппай, аптадан – апта, айдан айға сарылып, тіпті, бір жылдан

екінші, үшінші жылға өтіп, дел-сал, пұшайман болып жүрді де қойды. Соншама қорлық, азапқа түскен, қисынсыз шырғалаң кімді болса да қажытқандай еді. Бар амалы таусылған, дүниеден үмітсіз біраз жұрт бұрнағы қонысына қайыра көшті. Қарысқан, қайткенде түпкі мақсатына жетпек, жүйкесі берік біраз жұрт оралман куәлігіне қол жеткізіп жатқан. Бұдан арғы тағы қаншама өткелектен соң – арман болған азаматтық.

Әлбетте, әкімшілік мекемелерінде отырған ғұзырлы шенеуніктердің бәрі бірдей әйкәпір емес еді. Ұлттық санамен қатар, қызметке адалдық, тіпті, ар-ұят та ұшырасуы күмәнсіз. Міне, осы кезде жоғарғы жақта жаңа бір кедергілер ойланып табылып жатты. Соның айқын бір көрінісі – қытай қазақтарына қатысты, арсыз, көпе-көрнеу зорлық екен. Тікелей нұсқау демеске болмайды. Бұрнағы үш аймақта жаппай қоныстанған, енді ата жұртына құмартқан қазақ атаулы Қытайдағы қазақ консулдығына айлар бойы, тіптен, айдан өтіп, жылға созылған, жылжымайтын кезекте тұрды. Қазақстанға баруға виза алу үшін. Кәдімгі, барлық жұртта бар рұқсат таңба. Не түрлі былыққа жол ашылыпты. Қазаққа қат визаны, олар да сыртқа шығуға ынталы ұйғыр ағайындар еркін алып жатты. Жай ғана виза емес, оралман қазақ есебінде. Әрине, қомақты қаражаттың өтеміне орай. Бұл екі ортада «виза әпергіш» делдалдар шықты. Тағы да жең ұшынан жалғасқан пара арқылы. Әрине, жергілікті өкіметке емес, өзіміздің егемен шенеуніктердің қажеті үшін. Бұл – ешкімге құпия емес, жалпыға мағлұм сұмдық еді. Сол бір кезде жазғанымыз бар: біздің сыртқы істерге қатысты ғұзырлы мекеме Қытай тарабына топтан озған, жеміт-жебір кісілерін бағыттайды екен, деп. Әлбетте, қисынымен жалғасқан, қаражат жағдайы көтеретін қазақ атаулы, ол да қазақ атымен кеңшілікке жеткен ұйғыр ағайындардың соңынан ата жұртына жолдама алып жатты. Үлкен қуаныш. Алда қандай қорлық пен азап күтіп тұрғанын білмейді.

Оралман тасқынын қайткенде тоқтату қиын екен. Міне, дәп осы кезде жаңа бір, ғаламат амал шықты. Қытайдан келетін қазаққа өзінің сотталмағаны туралы куәлік қажет, деген. Әйтпесе... әйтпесе, Қазақстан қабылдамайды. Егемен еліміздің қауіпсіздігі үшін. Дұрыс қой. Дұрыс емес, қисынсыз жағдай екен. Өйткені, Қытайда әлдеқалай істі болған, сотқа тартылған пенде атаулыға шет елдік паспорт берілмейді. Сыртқа шығуға жол жоқ. Енді, қаншама өткелектен өтіп, қажып, шаршап, бірақ әлденендей жарық сәуледен үміттеніп жеткен қазақ бітеу қабырға – тас дуалға келіп тіреледі. Берілмейтін справканы талап етіп отырған Назарбаев өкіметі мүлде керек, көрсоқыр, жаппай сауатсыз емес. Мұндай анықтаманың қисыны жоғын жақсы біледі, сондықтан да мүмкін емес куәлікті қажет етіп отыр. Ақымақшылық емес, нағыз екіжүзді, зорлық есеп. Ақыры, жылдан жыл өткенде өз міндетін атқарып біткен қисынсыз талап та қатардан шықса керек. Енді қаптайды қазақ. Жоқ, қаптамауы керек. Өзбек пен қарақалпақ, түркменнен сыздықтап болса да, тоқтаусыз келіп жатыр. Не шара, не амал?

Ақыры, Назарбаев өкіметінің көктен тілегені аяқ астынан табыла кетті. 2011 жыл, желтоқсан – Жаңа-Өзен! Мұнайшылар қаласындағы тұрмыстық наразылық аяғы қантөгіске ұласты. Баяғы Өзбекстанда, Кәрімов тұсындағы Әндижан қырғынының жаңа бір нұсқасы. Әзірше

ауқымы жетпей жатыр, кейін таразы басын теңгереміз – 2022 жыл, бүткіл Қазақстан шегін қамтыған Қаңтар қырғыны. Өз кезегімен келе жатар, әзірге тақау жылдардағы қажетті зорлықты заңды түрде негіздеу керек екен. Яғни, қазақтың қатары молығатын ұлы көшке біржола тоқтау салу!

Нұр-көсем айтты, өкімдегі партия мен үкімет барлық деңгейде айна-қатесіз жүзеге асырды. Қазақтар қоныстанған сыртқы мемлекеттер біздің Қазақстаннан біржола кейіндеп қалған екен, жабайы екен, әртүрлі бұзақарлар көп. Сондықтан, егемен еліміздің мәңгілік қауіпсіздігі үшін, қытайы болар, өзбегі, түркмені болар, ел ішіне енгізбеу керек. Әлдеқалай келе қалса, бес жыл күтуі шарт. Оралман атаулының аты өшсін! Бұл, ашықтан-ашық, ресми түрде жарияланған зұлым саясат тұтас он жылға созылды. Содан соң, егемен өкіметімнің жария және ресми ережесі есебінен шеттеген сияқты. «Оралман деген – оңбаған!» ұраны көмескі тартқандай. Қатаң сүзгіден өткерілген, бірлі-жарым кісінің сыздықтап бері қарай өтуіне рұқсат. Енді, «оралман» емес, «қандас» дейтін, жалпылама, дүбара атқа қалған сыртқары қазақ екеу-үшеу, бес-ондап қайтадан ата жұртқа қабылдана бастады. Бірақ оңалып кеткен ештеңе жоқ. Сырттай жария, шын мәнісінде қыспақты, жасырын түрде тоқтау салынып отыр. Назарбаевтан соң, Тоқаев заманында.

Міне қараңыз. Ең соңғы дерек – 1 июнь, 2024 жыл. Қазақстандағы бірнеше сайтқа жарияланған. Алақай! – быйыл жыл басынан бері, бес ай ішінде... республика шекарасынан өткен шет елдік 7 мың 353 қазақ «қандас» мәртебесін алыпты! Қандай ғажап! Ура, ура және ура! Енді алқынымызды басып, сабыр етейік. 7353. Небәрі бес айда. Әр айға жіктесек, 1400 кісі (және 6 бөлшек). Сонда, орта есеппен он екі айға шығарсақ – 17 мың және 647 жан.

Менде бар қазақтың барлық замандағы жөн-жобасы тізулі тұр, қақпа қайыра ашылғаннан соңғы кезеңде жол тартқан оралман-қандастың жылдық есебі – 20-23 мың төңірегінде болатын. Яғни, үстіміздегі 2024 жылы бұрнағы шамалы санның өзіне жете алмаймыз деген сөз. Мейлі, 3 мың, 5 мыңнан әрі, берісі жоқ. Нақты есеп – ең жоғарғы көрсеткіш – 23 мың екен дейік. «Қандас» деп қанша қомпиғанымызбен, ауыз толмай жатыр. Мұншама сорақы жағдайды осы мағлұматты ұсынып отырған есеп-қисап мекемесінің өзі анық аңдайтын сияқты. Сондықтан, «ұялған тек тұрмас» дегендей, біз көргенде, соңғы бес-алты жыл бойы осы арық, көтерем көрсеткішті сырлап, үстеп қояды. Мәселен, биылғы жылғы ақпаратта: «1991 жылдан беріде тарихи отанына 1 миллион 135 мың 700 қазақ қайтып оралды!» дейтін толымды мағлұмат бар. Өткен жылғы есеп – 1 миллион 128 мың 347 болатын. Арғы жылы – тағы да сол 1 миллион және 300 бірдеңе мың. Мінеки, 1991 жылдан бүгінгі күнге дейін, тәуелсіз аталатын республикамызға шет жұрттан 1 миллион 135 мың 700 қазақ келіп қосылыпты!.. Ауыз толады, үлкен жетістік, мақтаныш сияқты. Шын мәнісінде бұл асқаралы 1 миллион – бұдан он төрт жыл бұрынғы меже. Одан беріде, яғни кеселді 2011 жылдан кейін... әуелде тақыр-таза, содан соң... жылына 20-25 мың ғана. Яғни, Назарбаевтан соңғы кезеңде оңалып

кеткен ештеңе жоқ. Шет жұрттарда ғұмыр кешіп жатқан қазақтардың тарихи отанға оралу үрдісі әлі де тығырыққа тіреліп тұр деген сөз.

Андап қарасақ, қазақты Қазақстанға келтірмеу саясаты жаңаша жалғастық тауыпты. Тіпті өкіметтік ресми, жадау-жұтаң деректерді айтпағанда, бұл жағдаяттың ең бір айқын мысалы осы тақауда ғана нақты көрініс берді. Ауғанстан қазағы Сәми Ата-Ғұлдың машақат, азапқа, қорлық пен зорлыққа толы хикаятын қараңыз.

Жасы отыз екіде, арнайы мамандық оқу бітірмеген, бірақ көзі ашық, жалпы сауаты жоғары, ағылшын, француз, араб, пұштун, хинди, урду, және тағы екі-үш шет тілге жетік, қазақшасы да қанағаттанарлық дәрежеде, тым тәуір. Ауғанстан азаматы дейтін паспорты бар және ұлты қазақ деп атап жазылған. Енді осы Сәмидің басты арманы – ата жұртына жетіп, тұрақтау екен. Заңды жолмен туристік виза алып, Қазақстанға келеді. 2023 жылы, күзде. Келе сала тиесілі құжаттарын өткізіп, «қандас», яғни оралман куәлігін алыпты. Осыған жалғас азаматтыққа тапсырмақ.

Дәп осы кезде күтпеген кілтпан шығады. Сәми ат басын тіреген Ақмола облысының ғұзырлы мекемесі құжат қабылдаудан бас тартады. Әуелде Көкшетау қаласы деп жазылып еді, кейінде Целиноград ауданы аталып жүр. Тиесілі көші-қон комитетінің өкілі – Көкшетауда әйел адам болатын, кейінде аты өшті, ал енді шыққан Целиноград аудандық көші-қон бөлімінің басшысы – Есентай Қиянаев деген мықты. Біз үшін нәтижесі біреу-ақ. Сәми Ата-Ғұлдың бар құжаты дұрыс болса да, бастапқы деректе – Көкшетаудың қалалық, кейінгі жазбаларда Целиноград аудандық көші-қон бөлімінің басшысы қатаң, қырыс мінез танытады. Және өте дөкір түрде. Мәселен, Есентай Қиянаев: менің территориямда ауғандардың тұруына болмайды, деп кесіп айтады. Арада екі күн өтпей аудандық сот төрайымы Д.Байкенжина бұл «ауғанды» Қазақстан шегінен күштеп кетіру туралы үкім шығарады. Оңай сылтау табылыпты. Сәми-Ата-Ғұлдың үш айлық туристік визасының мерзімі бітуге тақап қалған екен. Мейлі, уақыты өтіп кетсін. Алайда, бұл «ауғанның» «Қандас куәлігі» бар емес пе. Ешқандай визасыз-ақ ата жұртта тұра беруге мүмкіндік жасаса керек. Жоқ. Ғұзырлы кісілеріміз көкке ұшып, жерге түседі. Зілді бұйрық, қайрылмас шешім. Баяғы 37-жылғы жапон шпионын ұстаған сияқты. Атып жібере алмайды, бірақ аластау шарт.

Арада екі күн өтпей, түн ортасы, сағат бір-екіде Сәмидің уақытша пәтер үйіне, әрқайсының иығында бірнеше жұлдыз қадалған үш полицай және көші-қон мекемесінің өкілі, және баяғы КГБ-ны алмастырған, енді ҰҚК – Ұлттық қауіпсіздік комитеті аталатын құдіретті мекеменің арнайы кісісі бар – бірнеше адам жапырлай келіп, күмәнді ауғанды тарпа басады. Ұрып-соқпаған сияқты, бірақ қолын артына қайырып, дедектете айдап, Астана аэропортына әкеліпті. Ұшаққа салып жіберіп, қатерлі пәледен біржола құтылмақ.

Ендігісі – қоғамдық ақпарат бетіне әлденеше мәрте жазылған. Күтпеген жағдай. Әбден ашынған Сәми Ата-Ғұл дәп осы жер, ұшаққа бағытталар алдында... ауғандық паспортын суырып алады да, быт-шыт қылып жыртып тастайды. Ал, керек болса. Енді «ауған» емес. Ешкім де

емес. Әлбетте, паспорты жоқ кісі шет елге баратын ұшаққа отыра алмайды. Қайратты үш полицай, ынталы, жігерлі, енді пұшайман тағы екі-үш ресми кісімен бірге Сәми Ата-Ғұл да кері қайтады.

Бірақ мұнымен іс бітпеген. Қайткенде қатерлі дұшпаннан құтылу үшін шешімтал шаралар іске қосылыпты. Арада бірер күн өтпей, тағы да аэропортқа жеткізіледі. Бірақ қылмыскердің паспорты жоқ. Тексерістен өткізбей қойыпты. Апта аралатпай, осымен үшінші рет әкеледі. Бұл жолы алдынала әлденендей келісім болған сияқты. Әлде бір ғұзырлы кісілермен. Бәрібір, паспортсыз, еріксіз тұтқынның сыртқа шығар қақпа алдындағы жан-айқайынан соң, иманды тексерушілер тағы да тоқтау салыпты. Амал жоқ, жапон, бұл жолы кім екені де белгісіз ауғандық кері қайтарылып, құжатсыз қаңғыбас ретінде атаусыз түрмеге қамалады. Жай ғана қамап қоймаған, тескентаудан біржола өткізіп жіберудің әрқилы амал-шарғысын ойластыра бастаған.

Бұл екі ортада, Азаттық радиосы, басқа да ақпарат көздері арқылы Сәмидің қилы тарихы сыртқа шығып кетеді. Әуелден-ақ жанашыр кісілері бар. Мана, Көкшетаудан басталған. Сондай жанашырдың бірі, Қазақтардың әлемдік қауымдастығының өкілі Бақыт Сарай деен қызымызға манағы шенеунік әйел (әлде еркек) ғаламат сұрақ қойған екен. Несіне араға түсіп жүрсіз, деп. Қазақ болған соң және әділдік үшін, дейді біздің қыз. Шенеунік мысқылдай күліпті. Нақты біліп тұр. Есі дұрыс адам ай даладағы, көлденең біреу үшін бастан-босқа шабылмайды. Иә... Айтпаса да түсінікті. Аузын майлап қойған. Ал осы ауғанның бар тағдырын шешу қолында тұрған ғұзырлы шенеунік... қандай да сияпаттан қақас қалған... Қолынан ұстап алмаған соң, жала жапқандай көрінерміз. Иә. Мұншама өшпенділік пен шешімтал қимылға басқа да себеп табуға болар. Біз таба алмадық. Тек осы ғұзырлы шенеунік қана емес, қисынсыз үкім шығарған сот пен оларға жалғас полицайлар да мемлекет қауіпсіздігі үшін қам жеген отаншыл патриоттар екен дейік. Әйтсе де, қатерлі шет елдік қазаққа қарсы амал таба алмаған. Ақыры тауыпты.

Жанашырлар, әділет жолындағы басқа да қазақтар көмегімен түрмеден шыққан Сәми Көкшетауға оралып, баяғы сиқырлы мекеменің есігін қайыра ашса... өзі айрықша сенім артып жүрген «Қандас куәлігінің» күші жойылған екен. Тұтас бір жылға берілген куәлік жоқ болып шыққан! Жарым уақыты өтпесе де, ешқандай себепсіз. Көкшетаудағы көші-қон қызметінің өкілі куәліктің жойылу себепін түсіндірмей, енді Еңбек министрлігіне жүгінуге сілтеген. Айта берсе, таусылмас хикмет. Түбіне жету, қисынды жауап табу мүмкін емес. Күштінің арты... әйел болсын, еркек болсын, диірмен тартады екен. Диірменнен де қуатты тағы бірденелерді шыр айналдырмақ.

Енді пұшайман жақтастарының ең соңғы, шарасыз амалы – Сәми өзін босқын ретінде тану жөнінде ғарыз түсіреді. Арты белгісіз. Ал ел аманда, ата жұрты – Егемен аталатын Қазақстанда көрген жәбір-жапасы мен қисынсыз қорлық жағдайына ешқандай жауап жоқ.

Манағы облыстық, аудандық шенеуніктер, оларға жалғас соқыр сот, қисынсыз, сорақы шешімді жүзеге асырушы тағы қаншама белсенді неге

соншама күшті болып тұр? Өйткені, мұншама жойдасыз қиянат, арсыз, ашық әрекет – Назарбаев заманында басталған, әбден орныққан зорлық-зомбылықтың тікелей жалғасы. Қазаққа қарсы, ұлттық мүдеге қайшы қандай да қылмыс – жауапқа жатпайды. Анығы осы. Ресейден қаңғып келген, ешқандай құжатсыз әлдебір маскүнем бұралқыға тоқтау салып көр – қайдан барып шығар екенсің. Егемен өкіметіңе де, қалған қаймана жұртқа да жан керек.

Шет елдік оралман ғана емес, қалтасында көк паспорты бар тұрғылықты қазақтың өзі республиканың тең құқықты азаматы ретінде танылмай жататын, қисынсыз қиямет көретін жағдаяттар ұшырасады. Өз елінде өгей күн кешкен қазақтың сыбағалы еншісі осыншама тайғақ болып тұр.

Кемер, Түркия,
27-30.VI.2024